Әдеп кодексін сақтау – міндет

ҚР Президентінің 2015 жылғы 29 желоқсандағы №153 жарлығымен бекітілген, Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексінің (мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидалары) басты міндет – сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және қызметтік әдеп нормаларын бұзушылықтардың, оның ішінде мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтардың профилактикасына бағытталған іс-шараларды әзірлеу, мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік әдепті сақтаудағы жауапкершілік деңгейін арттыруды қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қабылдау, әдеп жөніндегі уәкілдердің қызметін үйлестіру және мемлекеттік органдардың тәртіптік комиссияларымен өзара іс-қимыл мәселелері бойынша ұсынымдар мен ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

Әдеп кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерінің моральдық – адамгершілік бейнесіне және іскерлік қасиеттеріне қойылатын талаптар күшейе түсті. Мемлекеттік қызметшілердің сырт келбеті, олардың қызметтік міндеттерін орындау кезінде мемлекеттік аппараттың беделін нығайтуға ықпал етуге, іскерлікпен, ұстамдылықпен және ұқыптылықпен ерекшеленетін жалпы қабылданған іскерлік талаптарына сай болуға тиіс.

Кодекс халықтың мемлекеттік органдарға сенім нығайтуға, мемлекеттік қызметте өзара мәдениетін қалыптастыруға және мемлекеттік қызметшілердің әдепсіз мінез-құлық жағдайларының алдын алуға бағытталған. Бүгінгі таңда мемлекеттік қызметшілердің әдебі мен мінез-құлықтарына үлкен мән берілуде. Сондықтан, мемлекеттік қызметте үлкен жетістіктерді бағындыруды көздеген әрбір мемлекеттік қызметші Әдеп кодексін және «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңдарының талаптарын сақтап, мемлекеттік қызметті адал атқару қажет.

М.ОРАЗҒАЛИЕВА,
Атырау облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясының Әдеп жөніндегі уәкілі

Жарнама байланыс телефоны:
45-85-67

ОБЛЫСТЫҢ ҚАРЖЫ НАРЫҒЫНЫҢ БҮГІНГІ ЖАҒДАЙЫ

Облыстың банк секторы. 2024 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша облыс аумағында екінші деңгейдегі банктердің (бұдан әрі – ЕДБ) 14 филиалы, 47 бөлімшесі, 59 айырбастау пункті жұмыс істеді.

Облыстың несие нарығы. 2024 жылғы қаңтар-қыркүйекте облыстың ЕДБ филиалдарымен 686,0 млрд. теңге сомасына несие берілді, бұл 2023 жылғы сәйкес кезеңге қарағанда 17,2 %-ға көп. Заңды тұлғаларға несие беру 32,4%-ға 195,7 млрд. теңгеге дейін көбейді, ал жеке тұлғаларға – 12,1%-ға 491,3 млрд. теңгеге дейін.

2024 жылғы қаңтар-қыркүйекте азаматтарға тұтыну мақсаттарына 369,6 млрд. теңге берілді, бұл 2023 жылғы қаңтар-қыркүйекте көрсеткіштен 22,4%-ға жоғары.

2024 жылғы 1 қазанда облыстағы банк филиалдарымен берілген несиелер бойынша берешектер 862,5 млрд. теңгені құрады, 2023 жылғы 1 қазанмен салыстырғанда 21,7%-ға өскен. Жеке тұлғалардың берешектері 2023 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 18,6%-ға көбейді және 725,2 млрд. теңгені құрады, заңды тұлғалардікі – 41,3%-ға және 137,3 млрд. теңге.

2024 жылғы 1 қазанға тұрғындарға тұтыну мақсаттарына берген несиелер бойынша берешектер 469,7 млрд. теңгені құрады, 2023 жылдың сәйкес көрсеткішімен салыстырғанда 27,2%-ға өсті. Осы орайда жеке тұлғаларды несиелендірудің жалпы көлемінде тұтыну несиелерінің үлес салмағы 64,8%-ды құрайды.

2024 жылғы 1 қазанға несиелер бойынша мерзімі өткен берешектер көлемі 26,6 млрд. теңгені құрады немесе ЕДБ филиалдарының несие портфелінің 3,1%.

Облыстың депозит нарығы. 2024 жылғы 1 қазанға ЕДБ филиалдарындағы салымдар 2023 жылғы 1 қазанмен салыстырғанда 21,5%-ға көбейді және 739,1 млрд. теңгеге жетті. Жеке тұлғалардың депозиттері 28,5%-ға өсті, заңды тұлғалардікі – 7,8%-ға.

2024 жылғы 1 қазанға ұлттық валютадағы салымдардың үлесі 2023 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 72,1%-дан 76,4%-ға өсті, ал шетел валютасымен – 27,9%-дан 23,6%-ға кеміді.

Облыстың валюта нарығы. 2024 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын облыстың 82 айырбастау пункті жүзеге асырды, олардың 59 – уәкілетті банктердікі, 12 – «Қазпошта» АҚ филиалынікі және 11 – уәкілетті ұйымдардікі.

2024 жылғы қаңтар-қыркүйекте облыстың айырбастау пункттерімен халықтан 55,2 млн. АҚШ доллары сатып алынды, бұл 2023 жылдың көрсеткішінен 24,9%-ға төмен. Сонымен қатар 3,3 млн. еуро (11,2%-ға азайды), 1 517,4 млн. ресей рублі (2,1%-ға кеміді) сатып алынды.

Облыстың айырбастау пункттерімен 2024 жылғы қаңтар-қыркүйекте халыққа 228,8 млн. АҚШ доллары сатылды, 2023 жылғы қаңтар-қыркүйекпен салыстырғанда 7%-ға кеміген. Бұдан басқа халыққа 10,1 млн. еуро (8,5% азайды), 2 004,6 млн. ресей рублі (4,1 %-ға азайды) сатылды.

Төлем карточкаларын пайдалану. 2024 жылғы 1 қазанға айналымдағы төлем карточкаларының саны облыс бойынша 2 833,5 мың бірлікті құрады. Облыста 593 банкомат, 46 750 POS-терминал жұмыс жасайды.

2024 жылғы қаңтар-қыркүйекте төлем карточкаларын пайдалану арқылы қолма-қол ақшасыз төлемдер бойынша 3 021,4 млрд. теңге сомасына (2023 жылғы қаңтар-қыркүйекпен салыстырғанда 0,7%-ға өсті) 289,4 млн. транзакция (өсім 13,9%) жасалды.

2024 жылғы қаңтар-қыркүйекте карточкалық шоттан қолма-қол ақша алу бойынша 591,8 млрд. теңге сомасына (2023 жылғы қаңтар-қыркүйекпен салыстырғанда 2%-ға өсті) 5,9 млн. транзакция (6,1%-ға кеміді) жасалды.

ҚР Ұлттық банкінің Атырау филиалы

«Силлено» ЖШС-і «Атырау облысында алғашқы интеграцияланған газ-химия кешенін салу. Екінші кезең (полиэтилен өндірісі) жобасына «Қоршаған ортаға ықтимал әсерлер туралы есеп» жобасы бойынша ашық жиналыс түріндегі қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулар 2025 жылы 6 қаңтарда сағат 15.00-де Атырау қаласы, Абай көшесі 5 («Каспиймұнайгаз «ҒЗЖИ» АҚ» конференц-залы) мекен-жайы бойынша өтеді.

Сонымен қатар ZOOM платформасы арқылы бейнеконференция онлайн режимінде де өткізілетін болады.

Сілтеме:httpshttps://us02web.zoom.us/j/2102804655?pwd=MmREcXd2Ry9nOStSSlZIMTc1VitCdz09&omn=89253654907

Конференция идентификаторы: 210 280 4655

Кіру коды: 123456

Тапсырыс беруші – «Силлено» ЖШС-і, 060000, Атырау қ., Қарабатан өнеркәсіптік аймағы, №28 құрылыс. БСН 180740016412, 8(7122) 76-15-99.

Құжаттама пакетін әзірлеуші – «Каспиймұнайгаз «ҒЗЖИ» АҚ», 060007, Атырау қ., Абай көшесі 5, БСН 011040002347, 8(7122) 99-28-04.

Жергілікті атқарушы органның электрондық және пошталық мекен-жайы: Атырау облысының «Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы», Әйтеке би көшесі 77, электрондық мекен-жайы - atr.priroda@atyrau.gov.kz, тел.: + 7 (7122) 32-55-09.

Жоба бойынша құжаттама БЭП www.ecoportal.kz сайтында орналастырылған.

Ескертулер мен ұсыныстар atr.priroda@atyrau.gov.kz электрондық мекен-жай бойынша және www.ecoportal.kz. сайтында қабылданады.

«Атырау-Ақпарат» ЖШС ұжымы Атырау облысының Құрметті азаматы, газет жанашыры Қатимолла Ризуановқа қызы

Гүлзаданың

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Шаңырағымыздың құдағайы, Қызылқоға ауданының Құрметті азаматы, Құрмет орденінің иегері, сауда саласының үздігі, Батыр ана

Молдағали зайыбы Сарсенқызы Шамсия құдағайдың

өмірден озуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтамыз. Марқұмның иманы жолдас, топырағы торқа болсын!

Әйтішовтер әулеті

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Ғылыми кеңесі және педагогикалық ұжымы Атырау облысының Құрметті азаматы Ризуанов Қатимолла Ризуаңұлына қызы, университеттің психология және педагогика кафедрасының қауымдастырылған профессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты Ризуанова Анар Қатимоллақызына апасы

Ризуанова Гүлзада Қатимоллақызының

өмірден озуына байланысты отбасына, туған-туысқандарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің ұжымы Математика және математиканы оқыту әдістемесі кафедрасының қауымдастырылған профессоры, физика-математика ғылымдарының кандидаты Қабылхамитов Ғалымжан Тоғайбайұлына және Информатика кафедрасының қауымдастырылған профессоры, техника ғылымдарының кандидаты Қабылхамит Жанаргүл Тоғайбайқызына аналары

Айтқалиева Қаламсия Тұменбайқызының

өмірден озуына байланысты отбасына, туған-туысқандарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Жолаушылар мен багажды автомобильмен республикаішілік (ауылішілік) тұрақты тасымалдау маршруттарына қызмет көрсету құқығына арналған конкурсты өткізу туралы хабарландыру

1. «Қызылқоға аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ-сі 2024 жылы «30» желтоқсан, Атырау облысы Қызылқоға ауданы Миялы ауылы Абай көшесі №4 мекен-жайы бойынша жолаушылар мен багажды автомобильмен республикаішілік (ауылішілік) тасымалдау маршруттарына қызмет көрсету құқығына арналған конкурсты өткізу туралы хабарлайды.

2. Конкурсқа мынадай маршруттардың пакеттері (маршруттар) шығарылады:

№1 лот, Миялы ауылішілік «Халыққа қызмет көрсету орталығы –Автобаза»

№2 лот, Миялы ауылішілік «Байсеу шағын ауданы – Мөлтек шағынауданы»

3. Конкурсқа меншік нысанына қарамастан, меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде автокөлік құралдары бар кез-келген жеке және заңды тұлғалар қатысады.

4. Конкурсқа қатысуға тілек білдірушілер «Қызылқоға аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ-не конкурстық құжаттардың жиынтығын алуға жазбаша өтінімді Атырау облысы Қызылқоға ауданы Миялы ауылы Т.Қарабалин көшесі №48 Қызылқоға аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің ғимараты мекен-жайына немесе kzilkoga_zhkh@mail.ru электронды поштасына ұсынуы тиіс.

5. Конкурстық құжаттарды алуға өтінімдерді қабылдаудың және конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі: 2024 жылы «20» желтоқсан, сағат: 18:00-ге дейін.

6. 2024 жылғы «5» желтоқсанда Атырау облысы, Қызылқоға ауданы Миялы ауылы Абай көшесі №4 ғимараттың 2-қабатында конкурстық комиссия, конкурсты өткізу мәселелері жөніндегі конкурс алдындағы конференцияны өткізеді.

7. Анықтама алу үшін телефондар: 871238-2-12-63; 87789282802; 87751941970.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Атырау қаласында 600 орындық Конгресс холл құрылысына ЖСҚ әзірлеу» жобасы бойынша 06.12.2024 ж. мерзімінен бастап бес жұмыс күні ішінде көпшілікпен талқылау түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Жобалық құжаттармен танысу, ескертулер мен ұсыныстар беру үшін Бірыңғай экологиялық порталда https://ecoportal.kz/ «Жарияланған қоғамдық талқылаулар» бөлімінде болады. Жобаға тапсырыс беруші – «Атырау облысының құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы» ММ. Тел. 8-701-454-97-61. Қосымша ақпарат алуға болатын электрондық мекен-жай: eco_projects87@mail.ru.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

«Атырау облысы бойынша тексеру комиссиясының сенім телефоны 30-81-79»

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Таза су» ЖШС «Атырау облысы Мақат ауданы Ескене, Бек-Бике және Нармұнданақ кен орындарының тарихи мұнаймен ластанған жерлерін рекультивациялау» жобасы бойынша «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша жария талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізеді. Жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталда танысуға болады https://ecoportal.kz / және Атырау облысы әкімдігінің Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының сайтында https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat?lang=ru

Жария талқылаулар 05.12.2024 ж. бастап 12.12.2024 ж. дейін «бірыңғай экологиялық портал» сайтында өтеді. Барлық ескертулер мен ұсыныстар осы күндері бірыңғай экологиялық порталда қабылданады. Осы мерзім өткеннен кейін ескертулер мен ұсыныстар қабылданбайды.

Бастамашы – «Таза су» ЖШС, БСН: 030640000743, ҚР, Жетісу облысы, Кербұлақ ауданы, Сарыөзек ауылы, көш. Жангелдин, 95 А корпусы, индекс 041100, тел.: 8 (727) 373 07 52.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші – «ЭкоСтандарт» ЖК, мекен-жайы: Атырау қ., а. Затаевич өткелі, 23 үй, тел: 8(702) 112 49 63.

Жария тыңдаулар өткізу кезінде көзделіп отырған қызмет туралы қосымша ақпарат алуға, сондай-ақ көзделіп отырған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін сұратуға болады ecostandart20@mail.ru және 8 (702) 112 49 63.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«НефтестройСервис ЛТД» ЖШС-і РВ5 өндірістік базасын кеңейту жобасы бойынша қоғамдық талқылаулар арқылы Атырау облысы, Атырау қаласы, Геологиялық а.о., Новокирпичный ауылы, А.Жұбанова көшесі, №32А корпусы». Жобалық құжаттама Бірыңғай экологиялық порталында (https://ecoportal.kz/) 2024 жылы 28 қараша мен 5 желтоқсан аралығында қолжетімді болады. Ескертулер мен ұсыныстар https://ecoportal.kz/ сайтының қоғамдық талқылаулар бөлімінде және npi.kz2006@bk.ru электрондық поштасы арқылы бес жұмыс күні ішінде қабылданады.

ЖЕКЕ ХАБАРЛАНДЫРУ

НОТАРИУС

Нотариус Джумашева Гулсара Мухитовна хабарлайды: 2024 жылы 3 мамырда қайтыс болған **Аманиязова Уштаптың** атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты барлық мұрагерлердің нотариуске, Атырау қаласы, Авангардд 4 шағынауданы, 12 үй, 58 пәтерде – «Нотариус», орналасқан нотариалдық кеңсеге хабарласулары сұралады.

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитеті 8 сәуір 2011 жылы берілген №0003325 санды лицензиясын қолданушы, Атырау нотариаттық аумағының жеке нотариусы Джумашева Гулсара Мухитовна. Ұялы тел: 87014739333.

11 тамыз 2024 жылы қайтыс болған **Жалелов Ибатолла Мушпиховичтың** атына мұралық іс ашылуына байланысты, мұрагерлері болса, Дуйсенгалиева Галия Елтаевнаның, Атырау нотариаттық округінің нотариусы, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитетімен 17 сәуір 2014 жылы берілген № 14005262 лицензиясы негізінде қызмет етуші, Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Құрманғазы ауылы, Сәтеков көшесі, №14, кеңсесіне хабарласулары сұралады. Тел: 87759261958.

3 тамыз 2024 жылы қайтыс болған **Хамзин Ерлан Акылбекұлының** атына мұралық іс ашылуына байланысты, мұрагерлері болса, Дуйсенгалиева Галия Елтаевнаның, Атырау нотариаттық округінің нотариусы, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитетімен 17 сәуір 2014 жылы берілген № 14005262 лицензиясы негізінде қызмет етуші, Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Құрманғазы ауылы, Сәтеков көшесі. №14, кеңсесіне хабарласулары сұралады. Тел: 87759261958

2024 жылы 7 шілде айында қайтыс болған **Туремуратова Мария Тлеубаевнаның** атына мұралық іс ашылды. Мұра қабылдау үшін барлық мұрагерлердің Атырау нотариаттық аймағының нотариусы Шеккалиева Венера Айбулатовнаға келулеріңіз сұралады, нотариустың мекен-жайы: Атырау қаласы, Балықшы ш.а., Қ.Ахмедияров көшесі, 30 а үй, тел. 24-23-00. (ҚР ӘМ-мен 03.08.2006 жылы берілген №0000567 лицензиясы).

Атырау
Газет 1923 жылғы сәуірдің 1-нен шыға бастады
МЕНШІК ИЕСІ:
«АТЫРАУ-АҚПАРАТ» ЖШС
Бас директор
Нұрболат ЕЛЕУСІНОВ
Бас редактор Назарбек ҚОСШИЕВ
Бас редактордың қабылдау бөлмесі – 45-86-43.
Бас редактордың орынбасары – А.Базарбаев
Жауапты хатшы – Д.Мұхамбеталиев
Арнаулы тілші – Е.Қалижан
atr.kz сайтының редакторы – А.Құрмашева
Бөлімдер:
экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері:
шолушы – А.Сабырова, аға тілші – Д.Аруев,
қоғамдық-саяси және әлеуметтік-мәдени мәселелер:
шолушы – Р.Өтеуғали, тілші – Ж.Мәлімқожа,
экология және құқықтық мәселелер: шолушы – А.Қабдолов,
аға тілші – М.Оразғалиева, тілші – Т.Ермек.
фототілші – Е.Алтыбаев
Корректорлар: Э.Әбілқайырова, А.Шомажанова.
Компьютер цехы:
бет құрушылар – С.Рамазанова, А.Жолдыбаева.
Іс жүргізуші: Т.Тайтекова, теруші: К.Елеусінова
Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті мерзімді баспасөз басылымын, ақпараттық агенттігін және желілік басылымды есепке қою туралы 2023 жылғы 22 желтоқсан күні тіркеліп, тіркеу туралы №KZ62VPY00084467 куәлігі берілген.
Басылым «Құрмет белгісі» орденімен, республикалық «Аманат» сыйлығымен марапатталған.
МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
060005, Атырау қаласы, Ж.Молдағалиев көшесі, 29а үй.
Уақытша мекен-жайы: 060005, Атырау қаласы, Ө.Атамбаев көшесі, 7г үй.
Электронды пошта: e-mail: atyrau_gazeti@mail.ru
*Газет «Атырау» газетінің компьютер цехында теріліп, беттелді.
*«Атырау-Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды.
* Авторлар жарияланымындағы пікірлер редакцияның түпкілікті көзқарасы болып танылмайды. Қолжазбалар өңделеді және авторға қайтарылмайды.
Мақалалар коммерциялық негізде басылды деген белгі.
Жарнамалар мен хабарландырулар мазмұнына редакция жауап бермейді.
Индексі: 65424 Аптасына 1 рет шығады.
ТАРАЛЫМЫ: 4062 дана
Нөмірдің кезекшілері:
Д.Аруев, Ж.Мәлімқожа
А.Жолдыбаева, А.Шомажанова